

АБАЙ ЖӘНЕ ЖАҢА ДӘУІРДЕГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІ

ЖОСПАР:

- Абай тілінің зерттелуі
- Қазақ әдеби тілін дамытуда Абай ұстанған принцип-бағыттар
- Абай поэзиясының тілі – қазақ әдеби тілі дамуындағы жаңа белес
- Абайдың “Қара сөздерінің” тілі

Ұсынылатын әдебиет:

- Р.Сыздық. Қазақ әдеби тілінің тарихы А.: Арыс, 2004
- Р.Сыздық. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі А.:Арыс, 2004
- Қ.Жұбанов. Қазақ тіл білімі жөніндегі зерттеулер А.: Ғылым, 1999

АБАЙ ТІЛІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

- 1901 жылы Орыс Географиялық Қоғамына жіберілген Абай өлеңдері туралы П.М. Мелиоранский пікір жазды;
- Абай поэзиясы мен оның тілі туралы Ә. Бөкейханов пікір айтты
- А. Байтұрсынов «Қазақтың бас ақыны» («Қазақ» газеті, 1913 ж. 39-41-сандар)
- С. Торайғыров «Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан» («Айқап» журналы, 1913 ж. 22-23-сандары)

- Абайдың 1922 ж. Ташкентте шыққан өлеңдер жинағына ескерту сөз;
- Татар ғалымы А. Сағдидың «Ақжол» газетінің 1923 жылғы бірнеше санындағы мақаласы;
- М. Әуезов, Қ. Жұбанов, І. Жансүгіров, Е. Ысмайылов, З. Шашкин т.б. мақалалары

М.Әуезов “Абай Құнанбаев” монографиясында Абай тілінің екі ерекшелігін көрсетті:

- 1 «Қазақтың халықтық, салттық және өзінен бұрынғы ауыз әдебиетіне көрік берген мол, шебер сөздік қорынан пайдаланып, халықтың әдебиеттік тілін қалай жасаудың жолын көрсетуі»;
- 2 «Қазақ қоғамы ортасында Абай заманында кіре бастаған жаргондық сипаттағы кітаби шұбар тілден іргесін ашып алуы, одан бас тартуы».

Қ.Жұмалиевтің оқулықтары және монографиясында Абай тілі арнайы талданды:

- 1) Абай өзіне дейінгі әдебиеттің о заманнан қалыптасып қалған поэтикалық тілін жоғары мәдениеттілік сатыға көтерді.
- 2) Абай заманында едәуір етек жайған тілдегі шағатай шылау, татар шылауға қарсы күрес ашты, қазақ тілін аса қадірлеп, таза сақтауға күш салды, оның сөздік қорының бір бұтағы орыс тілі болды.
- 3) Абай қазақтың мол сөз байлығын қолданумен қатар, өзі де жаңа сөз, жаңаша сөйлем құрылыстарын енгізді.
- 4) Өлең құрылысына қыруар жаңалықтар қосып, көркемдеудің жаңа тәсілдерін ұсынды

Құдайбергелен Жұбанов 1934 ж. «Абай - қазақ әдебиетінің классигі» деген еңбегінде екі үлкен принципті пікір білдіреді:

- Абайдың жеке-дара үздік шығып, таза қазақ тілінде жоғары поэзия тудыруы;
- Ғасырлар бойы келе жатқан туған тілінің ең бір нәрлісін кәдеге жарата біліп, әлсізінен безуі;

Сыздықова «Абай шығармаларының тілі» (1968)

- Абайдың әдеби мұрасы қазақ тілі тарихының материалы ретінде зерттелді. Мұнда ұлттық жазба әдеби тіліміздің ірге тасын қалап, әрі қарайғы даму бағыттары мен принциптерін белгілеудегі Абайдың ерекше ролі мен теңдесі жоқ қызметі көрсетілді.

Р.Сыздықова «Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы» (1971)

- Қазақ өлеңдерінің, оның ішінде Абай туындыларының синтаксистік амал-тәсілдері, ұйқасы, өлшемі, композициясы және олармен синтаксистік құрылымының өзара байланысы нақты талданды. Күрделілігі, сыйымдылығы, көркемдік әсері жағынан Абай өлеңдерінің синтаксистік жазба поэзия талаптарына сай түсетін, өзіне дейінгі қазақ поэтикасы дәстүрінен жоғары көтерілген, кейінгі қазақ поэзия тіліне бағыт-үлгі болатын сипатта екендігі дәлелденді.

Қазақ әдеби тілін дамытуда Абай ұстанған принцип-бағыттар

- Р.Сыздық «Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі» атты еңбегінде «Абай қазақ әдеби тілін жаңа сатыға көтергенде бұрынғы принцип-бағыттардың күллісін жоққа шығарған жоқ, керісінше, ең басты өмірлік белгілерін сақтап, оларды әрі қарай ұстады» деп көрсетеді.

Ол принцип-бағыттар:

- 1 жалпыхалықтық тілді әрдайым негіз етіп ұстау;
- 2 Жалғастылық принципі: жаңа әдеби тіл үшін қазақтың ғасырлар бойы үзілмей келе жатқан төл әдеби тілін таңдады, ескі түркі жазба тілдері, оның қазақ топырағында «кітаби тіл» атанған түрі қазақтың жазба әдеби тілін қалыптастыруда қосымша құрал болды.

Абай поэзиясының тілі – қазақ әдеби тілі дамуындағы

- Абайдың қазақ поэзиясындағы қосқан үлесі деген мәселеде Р.Сыздық мына мәселелер талдануы тиіс деп көрсетеді:
- 1 поэзия тіліне қаламгер қолтаңбасын салу дәстүрі, яғни шығармашылық контекстің Абайда айқын көрінуі;
- 2 өлең тілінің сөздік құрамына енген өзгерістер;
- 3 айқындық пен дәлдік;
- 4 фразеология саласындағы жаңалықтар мен өзгерістер;
- 5 жеке сөздерді таңдап, талғап жұмсау, оларды поэтизмге айналдыру;
- 6 өлеңнің синтаксистік-композициялық құрылысына енген өзгерістер.

Абайдың “Қара сөздерінің” тілі

- «Қара сөздердің көпшілігі» сюжетсіз жазылған көркем әңгіме, яғни көркем проза (Б.Кенжебаев).
- 1,2,3,14,24,26,29,33,41,42-сөздерді және «Біраз сөз қазақтың қайдан шыққандығы туралы» публицистикалық жанрда, қалғандары прозаның өсиет нақлия (поучительные рассуждения), тасдиқ (утверждение), нақыл, тұспал сөз, кеңес, әңгіме (беседа), көркем проза элементтері бар түрлеріне жатады (Х.Сүйінішәлиев)
- Ағартушылық идеясындағы публицистикалық шығарма (Р.Сыздық)

“Қара сөздердің” негізгі стильдік ерекшелігі:

- Сол дәуірдегі ауызша прозасына тән ауызекі сөйлеу элементтерінің ұшырасуы: *«Өстіп, жер жүзіндегі жұрттың қоры болып, бірімізді-біріміз аңдып өтеміз бе?», «Ел бағу?», «Ай, не болсын!»*
- Абай төл сөзді конструкцияларды да, құрмалас сөйлемдерді де деп дәнекеріне аяқтап отырады: *Сартты көрсе, күлуші еді: бұтадан қорыққан, көз көргенде әке-үке десіп, шығып кетсе, қызын боқтасқан, «сарт-сұрт» деген осы деп. Орысқа күлуші еді: ауылды көрсе, шапқан, жаман сасыр бас орыс деп...*

- Арабша терминдер мен ұғымдар, Олардың қазақша баламасы болса да, стильдік мақсатта аударылмай берілген.
- Шағатай тілінің морфологиялық, лексикалық, орфографиялық нормаларын қолданады: *ләкин, уа, бірлән, қадар, Һәм, аның үшін, кетселер, жазылмыш, алмадылар, шәкіртлік, перзентлер*

Қорыта айтқанда, теологиялық трактаттар мен тарихи очерк сияқты шығармалардың тілін өлеңдетпей, әр сөзге нақты мән бергізіп, қара сөзбен баяндауы Абайдың тілдің функционалдық стильдерін, әдебиеттің жанрына лайық тіл қолдану қажеттігін терең сезінгендігін танытады.



Дәріс мазмұны бойынша пысықтау сұрақтары:

- 1 Абай тілінің алғаш зерттелуі туралы не білесіздер?
- 2 Қазақ әдеби тілінің тарихын Абай, Ыбырайлардан бастау керек деген пікірлердің қандай ғылыми негізі бар?
- 3 Қазақ әдеби тілін жаңа сатыға көтеруде Абай ұстанған басты бағыттар
- 4 «Тіл қолданысындағы жүйелілік» деген ұғымды қалай түсінесіз?
- 5 Абай мен Дулат ақын арасындағы іліктестік мәселесі
- 6 Абайдың «Қара сөздері» тіліндегі ауызекі сөйлеу элементтеріне мысал келтіріңіз


СӨЖ 10

- Р.Сыздықтың еңбектері бойынша «Абай тіліндегі арабизмдер мен парсизмдер», «Абай тіліндегі русизмдер», «Абай қарасөздерінің тілі» тақырыбында топтық реферат жазып, қорғау


Абай қаламынан туған поэзия үлгілерінде «дөрекі, анайы»
сөздердің кездесу себебі?

- Автордың ашу-ызыға бой берген кемшілігі;
- Эксперссия туғызу үшін;
- өлеңді сол кездегі ортаға өтімді қылу үшін;
- Абайда болмаған, кейінгілер қосқан;
- Баспадан қате кеткен, әріптер ауысқан.

Абай қолданған перифразалар

- Талаптың тұлпары, қараңғылық пердесі, қайғы оты;
 - Төбе шашы тік тұру, жігері құм болу;
 - Жүрек қалауы, жан жылуы;
 - Сұр бұлт, ақша маңдай;
 - Ақ киімді, соқыр мылқау.
- 

Абайдың қазақ өлеңіне кіргізген жаңа ұйқасын табыңыз

- Шұбыртпалы ұйқас
 - Шалыс ұйқас
 - Кезекті ұйқас
 - Ерікті ұйқас
 - Қара өлең ұйқасы
- 


«Аузымен орақ орған өңкей қыртың» деген жолдарда Абай фразеологизмді қалай қолданған?

- Құрамындағы сөздердің орнын ауыстырған;
- Бұрыннан бар фразеологизмге экспрессивтік өң беретін сөз үстеген;
- өз ойының тың фразеологизм жасалған;
- дәстүрлі фразеологизмді қолданған;
- Фразеологияны тура мағынасында беру арқылы тың тәсіл жасаған

Абай қолданған талаптың тұлпары, үміттің аты, ұяттың күзетшісі, жүректің көзі, теңтек жиын деген тіркестер қандай тіркестер?

- көнерген тіркестер;
- семантикасы жағынан жанаспайтын сөз тіркесі;
- тұрақты тіркестер;
- образды тіркестер;
- фразалық тіркестер;

Абайдың қазақ әдеби тілін жаңа сатыға көтергенде ұстанған негізгі принцип-бағыттары

- Жалпыхалықтық сөйлеу тілін жоққа шығару, осы принцип бойынша жаңалықтар енгізу;
 - Әдеби және діни әдебиет бағытты ұстау;
 - Халықтық сөйлеу тіліне сүйену;
 - Ескі түркі жазба дәстүріне иек арту
 - Жалпыхалықтық сөйлеу тілін әрдайым негіз етіп ұстау, және жалғастылық;
- 

Абай туралы «Ақын өзінен бұрынғы қаламдастарын жоққа шығаруы, олардың мұрасын көзге ілмеуі мүмкін, бірақ жалпы тілдің және поэзия тілінің заңдылықтарын ешқашан аттап өте алмайды»- деп көрсеткен зерттеуші

- Ахметов З. «Өлең сөздің теориясы»
- Махмудов Х. Х. «Некоторые вопросы теоретической стилистики»
- Щербак А. М. «Соотношение аллитерации и рифмы в тюркском стихосложении.»
- Жирмунский В. М. «Ритмико-синтаксический параллелизм, как основа древнетюркского народного эпического стиха»
- Григорьев В. П. «Словарь языка русской советской поэзии»

Абай шығармашылығы арқылы қазақ көркем сөзінің қандай саласына өзгеріс енді?

- лексикалық құрамына
- фонетикалық құрамына
- грамматикалық құрамына
- поэзия тіліне
- морфологиялық құрамына

Абай фразеология саласында түбірлі өзгеріс жасады, ол үш түрлі сипаттағы іс-әрекеттен тұрады. Соның бірі – перифрастикалық тіркестерді мол қолдану. Перифраз деген не?

- <variant> жеке сөздерді таңдап, талғап жұмсау, оларды поэтизмге айналдыру
- <variant> бір нәрсені немесе құбылысты соның өзінің бір белгісін көрсетіп атау
- <variant> фразеология саласында жаңалықтар мен өзгерістер
- <variant> өлеңнің синтаксистік-композициялық құрылысына енген өзгерістер
- <variant> жазушының көркемдік-бейнелеуші түр-тұрпатын тікелей көрсететін тілдік фактілер жүйесі

□

«Қартаю» дегенді Абай қандай етістікті перифраздар арқылы береді?

- ажары қайту, ажары тозу, өмірдің өрісін тауысу, қайратсыз тарту
 - қызыл гүл, піскен алма,
 - бұйрық дәмі бітті, құдайдың құрған тезіне жолықты
 - құдайдан бұйрық жетті, дүниеден көшті
 - сұм дүние, қайран дәурен, кемді күн, бұлдыр заман
- 